Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейінің қызметкерлерінің сұхбаттарының бірінде графика және мүсін секторының меңгерушісі Сандұғаш Мырзабекова суретшінің шығармашылық мұрасында портрет жанры ерекше орын алғандығын айтады. Оның Шоқан Уәлиханов, Жамбыл Жабаев, Амангелді Иманов, Ғани Мұратбаев сияқты тарихи тұлғалардың бейнесін сомдаған портреттері – адамның келбеті мен ішкі жан-дүниесін ашуға, оны өз дәуірінің тарихи оқиғаларымен сабақтастыра көрсетуге ұмтылған көркемдік шешімдердің үлгісі. 1950–1960 жылдары Қастеев «Жаңа Қазақстан», «Қазақстан жерінде», «Қазақстан байлығы», «Қазақстанның жері мен адамдары» атты бірнеше акварельдік циклдар жасады. Бұл еңбектерінде ол өзінің туған республикасындағы ауқымды экономикалық өзгерістерді бейнеледі [Тохтамов, 2024].

Ә. Қастеев шығармашылығының алғашқы кезеңінен-ақ адам бейнесін сомдауға ерекше қызығушылық танытып, көрнекті портреттік туындыларды дүниеге алып келген болатын.

Ә. Қастеевтің портреттік өнері – тұлғаны бейнелеу, композициялық тәсілдер мен түстік шешімдерде ұлттық ерекшеліктермен байытылған социалистік реализм стилінің үлгісі болып табылады. Коммунистік идеология шеңберінде жұмыс істеген өзге кеңестік суретшілер секілді, Ә. Қастеев те белгілі бір қағидаларға (канондарға) бағынуға мәжбүр болды. Оның салған портреттерінің басым көпшілігі репрезентативтік сипатқа ие болып,

адамның ең жақсы қасиеттерін – отансүйгіштік, социалистік идеалдарға адалдық сынды ұстанымдарды бейнелейді.

Ә. Қастеев тарихи портрет жанрының дамуына елеулі үлес қосты. Оның тарихи реконструкция әдісі бірегейлігімен ерекшеленіп, Қазақстандағы тарихи жанрдың эволюциясына негіз болды. Суретшінің бұл бағыттағы еңбегі тек бейнелеу өнері ғана емес, сондай-ақ ұлттық тарихи жадты жаңғырту ісіне де зор ықпал етті [Джадайбаев, 2024: 28].

Қазіргі таңда, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында Ә. Қастеевтің екі картинасы сақтаулы. Олар: «Махамбет Өтемісұлы» портреті және «Калинин мен Байғанин» портрет-картинасы. Өкінішке орай музей қорына түсу тарихы белгісіз.

1950 жылдардың соңында көптеген облыстық тарихи-өлкетану музейлерінде көркемсурет және өнер бөлімдері құрыла бастады. 1959 жылдың қараша айында және 1960 жылдың мамыр айында жоғарыда аталып өткен бөлімдердің қорын қалыптастыру мақсатында Мемлекеттік Көркемсурет галереясының экспонаттарын сыйға беру туралы Қаз КСР-ның Мәдениет министрлігінің бұйрықтары шыққан болатын. Келесі екі жылдың ішінде галерея қорынан Қостанай, Семей, Ақтөбе, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Гурьев, Қызылорда, Орал, Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейлеріне 1920–1960 жылдар аралығында құрылған барлық жетекші қазақстандық шеберлердің 600-ге жуық кескіндеме, графика, мүсін экспонаттарын тапсырған болатын [Школьная, 2011: 130]. Аталған шеберлердің ішінде Ә. Қастеевтің есімі көрсетілген. АОТӨМ қорына біз қарастырып отырған картиналардың келуі, осы кезеңмен сәйкес келуі мүмкін.

№1 картина «Махамбет Өтемісұлы» портреті (1951 ж.) қағаз, акварель, өлшемі 34,5х36,5 см, АОТӨМ «Көркем сурет» коллекциясы НКТ–750 (Сурет 1).



Сурет 1. Ә.Қастеев. «Махамбет Өтемісұлы» портреті (1951 ж.)
(Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан. НКТ–750).

Сипаттамасы. Картинада басына дулыға киген, толық әскери сауытпен, ердің үстінде отырған Махамбет Өтемісұлы бейнеленген. Он қолында қағаз, сол қолында аттын тізгінің ұстап отыр. Батырдың кейіпі (қалпы) жинақы, көзқарасынан сабырлық пен байсалдылықты байқауымызға болады.

Түстік шешімі: сабырлы әрі үйлесімді, сұр, қоңыр және металл түсті реңктің басымдылығы бейненің монументалды табиғатын (тарихи тақырыбын) айқындайды. Қару-жарақтың жекеленген бөлшектері дулыға, қылыш, белдік, кітап-қоржын, ердің алдыңғы қасындағы ою өрнектер аса дәлділікпен және ұқыптылықпен берілген. Бұл суретшінің кәсіби шеберлігін, сондай-ақ этнографиялық нақтылықты сақтауға деген ұмтылысының көрсетеді.

Композиция симметриялы, батырдың бейнесі кеңістіктің негізгі бөлігін алып, көрерменнің назарына бірден түседі. Жарықтық шешім кейіпкердің жүзі мен қолдарын айқындап көрсетіп тұр. Кескіндеменің реалисттік сипаты XX ғасырдың екінші жартысындағы кеңестік көркемсурет мектебінің әсерін аңғартады.

Ұлы Отан соғысы жылдары және одан кейінгі жылдары да суретшілер патриоттық рухты көтеру мақсатында Кенесеры ханның, Исатай мен Махамбеттің, Балуан Шолақтың батыл кейіптерін салған болатын [Қарымсаков, 2011: 138]. Әбілхан Қастеев тарихи тұлғаларды сомдауда олардың ішкі болмысын, психологиялық және рухани күйін көркем құралдар арқылы жеткізе білді. «Махамбет Өтемісұлы» портретінде де бұл ерекшелік айқын аңғарылады: суретші кескіндеме арқылы ұлттық рухты, еркіндік идеясын бейнелейді.

2025 жылы «SoloArtGallery» көркем сурет галереясы «Махамбет Өтемісұлы» картинасына қалпына келтіру жұмыстарын өткізген болатын.

Айта кететін маңызды мәселелердің бірі, Махамбет Өтемісұлының нақты бет әлпеті 1951 жылы белгісіз болды. Батырдың бас сүйегіне антрополог ғалым Ноэль Шаяхметов 1967 жылы қайта қалпына келтіру жұмыстарын жасаған болатын [Сыздықов, 2006: 14]. Бүгінгі күні, батырдың реконструкция-бюсті АОТӨМ-нің «Қазақстан тарихы» залында «1830–1840 жж. ұлт-азаттық көтерілістер» тақырыптық-экспозициясында қойылған (Сурет 2).



Сурет 2. Ә. Қастеев. «Махамбет Өтемісов». Реконструкция (Н. Шаяхметов. 1967) 3D суреті. (Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан).



Сурет 3. Ә. Қастеев. «М.И. Калинин Н. Байғанинге «Құрмет Белгісі» орденің тапсыруда». (1961 ж.) қағаз, акварель 54,5х77,5 см, «Ерлік пен Даңқ» тақырыптық-экспозициялық залында (Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан. НҚТ–903).

Сипаттамасы. Картинада 1940 жылғы тарихи оқиға – КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы М. Калининнің қазақ халық ақыны Нұрпейіс Байғанинге «Құрмет белгісі» орденін (Сурет 3) тапсыру сәті бейнеленген [Указ Президиума ВС СССР от 05.11.1940]. Бұл көрініс кеңестік жүйенің ұлттық өнер өкілдеріне көрсеткен «Құрметінің» символы ретінде бейнеленеді.

Кескіндемеде екі негізгі кейіпкер: М.И. Калинин – кеңес үкіметінің жоғары лауазымды тұлғасы, классикалық қара костюмде, ресми киімде көрсетілген. Нұрпейіс Байғанин – ақ сақалды, ұлттық шапан киіп тұр, сол қолында табысталған «Құрмет белгісі» орденінің төсбелгісі болуы керек.

Олар бір-біріне қарсы қарап тұр, екеуінің арасында орден алмасу сәті жүріп жатыр. Бұл – көркем тілмен бейнеленген ресми салтанат. Суреттегі қол алысу – құрметтің белгісі.

Кеңістік шешімі мен нақтылауларға тоқталатын болсақ, кеңсе іші ресми сипатта, үстел үстінде кітаптар мен жасыл абажурлы шам тұр, қабырғаның жоғарғы жағында, картинаның ортаңғы жоғарғы бөлігінде В.И. Лениннің портреті кеңестік идеологияның көркем символы ретінде бейнеленген. Интерьердегі қарапайымдылық сол кезеңдегі шенеунік мәдениетінің ерекшелігін көрсетеді.

Әбілхан Қастеевтің стиліне тән реализм немесе соцреализм. Тарихи сәт шынайы бейнеленген. Акварель техникасы жұмсақ реңдер арқылы көріністі жылы, адамгершілікке толы етіп көрсетеді. Бейтарап және жылы реңдер (жасыл, қоңыр, сұр) картинаға сабырлы, ресми жағдайды береді.

Бұл шығармада біріншіден, кеңестік идеологияның «ұлттар достығы» концепциясы: орталық билік өкілінің қазақ мәдениет өкіліне құрмет көрсетуі. Екіншіден, қазақ халқының талантты өкілдерін кеңестік кеңістікке біріктіру үрдісінің символикалық бейнесі.

Әбілхан Қастеевтің бұл туындысы кеңестік кезеңдегі тарихи-идеологиялық кескіндеменің көрнекті үлгісі. Ол тек тарихи оқиғаны ғана емес, сол дәуірдің рухын,

идеологиясын да жеткізеді. Картина арқылы Қастеев өнерінің шынайылығы мен көркемдік тілінің тереңдігі айқын көрінеді.

Қазіргі таңда, картина АОТӨМ-нің «Ерлік пен Даңқ» залында «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін!» тақырыптық экспозициясында орын алған.

Сонымен қатар соңғы жылдары аталған картинаның көшірмесі жасалып, бүгінде көшірмесі музей қорында сақтаулы тұр.

Жүргізілген зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес, өңірлік музейлер қорларындағы Қастеевтың туындыларын жүйелеу және дәріптеу мақсатында АОТӨМ қорында сақтаулы Әбілхан Қастеевтің картиналарының композициялық шешімі, көркемдік стилі, тақырыбы және суретшінің жалпы шығармашылығы мәнмәтініндегі орны қарастырылды.

Қорытынды. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында, Ә. Қастеевтің екі картинасы бар, екеуіде акварельмен қағазға жазылған. Екі туындының арасы 10 жыл. Тақырыптары мен стилі ұқсас, тарихи-портрет. Негізгі айырмашылықтары бірінші картинада нақты тарихи бейнесі белгісіз XIX ғасырдың басында өмір сүрген ұлт азаттық көтеріліс жетекшілерінің бірі болған батыр, ақын бейнеленсе, екінші туындыда XX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген нақты тарихи суреттері сақталған ақынның, өмірінде болған, тарихи-салтанатты сәт бейнеленген.

Картиналардың оң жақ төменгі бұрышында автордың қолтаңбасы (есімінің бас әріпі мен тегі) және жазылған жылы көрсетілген. НҚТ-903 картинасында бұл жазу төменнен жоғары қарай 30°-қа қиғашынан қойылған.

Шығармалардың сақталу жағдайы жақсы, екі картинада ағаш жиектемелердің (рамка) ішінде, әйнектің астында тұр. НҚТ-750 картинасының он жақ ортанғы бөлігі жыртылған (қағаздың бір бөлігі жоқ) және жоғардан төменге қарай бояуы жарылған.

Картиналарда бейнеленген тарихи тұлғалар Ақтөбе өңірімен тығыз байланысты. Музейдің тұрақты залдарында тақырыптық-экспозициялары бар. Бүгінгі күні Қазақстандық кәсіби кескіндеме өнерінің негізін қалаушылардың бірі болып саналатын Әбілхан Қастеевтің туындылары музей үшін аса құнды жәдігерлердің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

Әбілхан Қастеев (1904-1973). Каталог / Құрастырушылар: Г.Ә. Ақышева, С.Ж. Көбжанова, Г.Н. Сырлыбаева. Алматы: Елнұр, 2005. 160 б. Қысқы көрініс, 67 б. Махамбет Өтемісовтың портреті, 84 б. М.И.Калинин Н. Байғанинге «Құрмет Белгісі» ордені тапсыруда.

Вандровская Е. Абылхан Кастеев. М: Советский художник, 1955. 61 с.

Джадайбаев А.Ж. Портретная живопись А. Кастеева // Кастеевские чтения-2024 «Наследие Кастеева в контексте современности»: материалы научно-практической конференции. Алматы, 2024. С.24-28

Құжат: Указ Президиума ВС СССР от 05.11.1940/Текст. Электронный ресурс. URL: <https://surl.li/jbmtfx> (қол жеткізу күні: 17.06.2025 г.)

Ердинбекова А.Б., Торемуратова Г.Е., Кенесбек Ж.С., Жуманазарова А.Е. Казахстанский художник Абылхан Кастеев в современности / In The World Of Science and Education. 2024. С. 15-22.

Карымсаков А.Ж. Современная историческая живопись художников Казахстана/Научные труды Санкт-Петербургской академии художеств. №18, 2011, С. 134-144.

Микульская Е. Г. Абылхан Кастеев – народный художник Казахстана. Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1956. 70 с.

Сыздықов Қ., Сейтақ А. Бас сүйек немесе Махамбет өлген мұнар күн // Егемен Қазақстан, газет қиындысы. 27 қыркүйек 2006 жыл, 14 б.

Тохтамов Т. Эпоха, воплощенная в картинах//Огни Алатау, дата: 13.02.2024. Электронный ресурс. URL: <https://ognialatau.kz/news/cat-8/28429/> (қол жеткізу күні: 17.06.2025 ж.)

Школьная И.А. К истории формирования музейного фонда (Основные формы комплектования коллекции ГМИ РК им. А. Кастеева и источники поступлений по архивным документам отдела фондов 1935-2009 гг.) /Сборник Труды ГМИ РК им. А. Кастеева. Алматы: 2011. 130 с.

Илиясов Р. Қастеев салған Махамбет // Алтын Орда, газет қиындысы. Шамамен 2003 ж. Қиынды Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақталған.

REFERENCES

Abylkhan Kasteev (1904–1973). Catalog / Compilers: *Akysheva G.A., Kobjanova S.Zh., Syrlybaeva G.N.* Almaty: Elnur, 2005. 160 p. “Winter Landscape”; P. 67, “Portrait of Makhambet Otemisov”; P. 84, “M.I. Kalinin presenting the Order of the Badge of Honor to N. Baiganin”). (In Kazakh)

Vandrovskaya E. Abylkhan Kasteev. M: Sovetskii khudozhnik, 1955. 61 p. (In Russian)

Djadaibaev A.Zh. Portretnaia zhivopis A. Kasteeva // Kasteevskie chteniia–2024 “Nasledie Kasteeva v kontekste sovremennosti”: materialy nauchno-prakticheskoi konferentsii. Almaty, 2024. Pp. 24–28. (In Russian)

Document: Ukaz Prezidiuma VS SSSR ot 05.11.1940 / Tekst. Elektronnyi resurs. URL: <https://surl.li/jbmtfx> (accessed: 17.06.2025). (In Russian)

Erдинbekova A.B., Toremuratova G.E., Kenesbek Zh.S., Zhumanazarova A.E. Kazakhstanskii khudozhnik Abylkhan Kasteev v sovremennosti // In The World Of Science and Education. 2024, pp. 15–22. (In Russian)

Karymsakov A.Zh. Sovremennaia istoricheskaiia zhivopis khudozhnikov Kazakhstana // Nauchnye trudy Sankt-Peterburgskoi akademii khudozhestv. №18, 2011, pp. 134–144. (In Russian)

Mikul'skaia E.G. Abylkhan Kasteev – narodnyi khudozhnik Kazakhstana. Alma-Ata: Izdatel'stvo Akademii nauk Kazakhskoi SSR, 1956. 70 p. (In Russian)

Syzdykov Q., Seitq A. Bas süiek nemese Makhambet ölken munar kün [The Skull or the Misty Day of Makhambet]. Egemen Qazaqstan, newspaper clipping, 27 September 2006, p. 14. (In Kazakh)

Tokhtamov T. Epokha, voploshchennaya v kartinakh // Ogni Alatau, data: 13.02.2024. Elektronnyi resurs. URL: <https://ognialatau.kz/news/cat-8/28429/> (accessed: 17.06.2025). (In Russian)

Shkolnaia I.A. K istorii formirovaniia muzeinogo fonda (Osnovnye formy komplektovaniia kollektzii GMI RK im. A. Kasteeva i istochniki postuplenii po arkhivnym dokumentam otdela fondov 1935–2009 gg.) // Sbornik Trudy GMI RK im. A. Kasteeva. Almaty, 2011. 130 p. (In Russian)

Ilyasov R. Qasteev salgan Makhambet [Makhambet Painted by Kasteev]. Altyn Orda, newspaper clipping, ca. 2003. Preserved in the Aktobe Regional Historical and Local History Museum. (In Kazakh)

Автор туралы мәлімет: Нұрпейсов Бахтияр Асылбекұлы – Ақтөбе облыстық тарихи өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері (030000, Ақтөбе қ-сы, Ораз Тәтеұлы 3, Қазақстан). E-mail: nurpeysov.bahtiyar@mail.ru

Сведения об авторе: Нурпейсов Бахтияр Асылбекович – старший научный сотрудник Актюбинского областного историко-краеведческого музея (030000, г. Актобе, Ораз Тәтеұлы 3, Казахстан). E-mail: nurpeysov.bahtiyar@mail.ru

Information about the author: Bakhtiyar A. Nurpeysov – Senior Researcher at the Aktobe Regional Museum of History and Local Lore (030000, Oraz Tateuly 3, Aktobe, Kazakhstan). E-mail: nurpeysov.bahtiyar@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 16.09.2025.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 22.09.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 26.09.2025.

ӘӨЖ 39

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ТҰРМЫСЫНДАҒЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫП, САЛТ-САНА ТҮРЛЕРІ (ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ Ә. ЫСҚАҚОВ ҚОЛЖАЗБАСЫ НЕГІЗІНДЕ ҚЫСҚАША ЭКСКУРС)

Ж.А.Орынбекова

ҚР Мемлекеттік орталық музейі (Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада ҚР Мемлекеттік орталық музейінің қорында сақтаулы Әрхам Ысқақовтың (1885-1962) «Қазақтың өмірінде болған әдет, ғұрып, салт, сана» қолжазбасына шолу жасалады. Ұлы Абай әлемін терең тануға мүмкіндік берген, мол мұрасын жинау, сақтау, қалыптастыруға бүкіл ғұмырын арнаған Әрхам Кәкітайұлының естелік жазушы ғана емес, сонымен қатар қазақтың дәстүрлі өмір салтын сипаттаған этнографиялық дерек көзі екендігіне назар аудартады.

Қазақтың ұлттық құндылықтарын, әдет-ғұрпын, этномәдени болмысын зерттеуші, қамқоршы ретіндегі қызметі талданады. Қолжазбада сипатталған дәстүрлі қазақы ортада қолданыста жүрген халқымыздың салт-дәстүрлерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге, ұлттық мәдениеттің сақталуына ықпалы сөз етіледі. Оның ұлттық болмысты, салт-дәстүрді, мәдени құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған еңбегіне көңіл бөлінеді. Қолжазбадағы салт, дәстүрге байланысты сипаттамалары мен оған қатысты авторының түсініктемелері беріледі. Қолжазбаның дәстүр, әдет-ғұрып, өнер түрлері мен тұмыс-тіршілігі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан сан ғасырлық мұраны келешекке жеткізуде қосқан үлесі қарастырылған.

Еңбектің маңыздылығы: рухани мұраны бағалау, ұрпақтың бойына сіңіруде, атап айтқанда, білім беру мекемелеріндегі рухани-адамгершілік тәрбие беруде көмекші материалдардың бірі бола алады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Жұмыс барысында ҚР Мемлекеттік орталық музейі қоры, ҚР Ұлттық кітапханасы материалдары, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы бірегей қолжазбалар мен басылымдар» ғылыми каталогы (Алматы, 2011), қазақ этнографиялық атаулары жайлы ғылыми жарияланымдар басшылыққа алынды. Зерттеу, салыстыру әдісі қолданылды.

Қолжазбадағы бөлімдер топтастырылып, жүйеленді.

Тірек сөздер: Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов, салт, дәстүр, әдет, ғұрып, рухани тәрбие.

Сілтеме жасау үшін: Орынбекова Ж.А. Қазақ халқы тұрмысындағы әдет-ғұрып, салт-сана түрлері (ҚР Мемлекеттік орталық музейі қорындағы Ә. Ысқақов қолжазбасы негізінде қысқаша экскурс) // MUSEUM.KZ. 2025. №3 (11), 43-50 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.11.05

ТИПЫ ОБЫЧАЕВ, ТРАДИЦИЙ В ЖИЗНИ КАЗАХСКОГО НАРОДА (КРАТКИЙ ЭКСКУРС НА ОСНОВЕ РУКОПИСИ А. ЫСКАКОВА ИЗ ФОНДОВ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ РК)

Ж.А.Орынбекова

Центральный государственный музей РК (Казахстан)

Аннотация. В статье рассматривается рукопись Архама Ыскакова (1885-1962) «Қазақтың өмірінде болған әдет, ғұрып, салт, сана», хранящаяся в фонде Центрального государственного музея Республики Казахстан. Обращается внимание на то, что Архам Какитайұлы, посвятивший всю свою жизнь собиранию, сохранению и формированию своего богатого наследия, был не только мемуаристом, но и этнографическим источником, описывающим традиционный казахский образ жизни.

Анализируется его деятельность как исследователя и хранителя казахских национальных ценностей, обычаев и этнокультурной идентичности. Обсуждается вклад

рукописи в сохранение национальной культуры и передачу обычаев и традиций нашего народа, которые используются в традиционной казахской среде. Особое внимание уделяется его работе, направленной на возрождение национальной идентичности, обычаев и культурных ценностей. В рукописи приводятся описания, связанные с традицией, и комментарии автора, относящиеся к нему. Рассматривается вклад рукописи в сохранение многовекового наследия, передаваемого из поколения в поколение через традиции, обычаи, формы искусства и образ жизни.

Значимость работы: она может быть одним из вспомогательных материалов при оценке духовного наследия, внедрении его в сознание поколений, в частности, при обеспечении духовно-нравственного воспитания в образовательных учреждениях.

Материалы и методы исследования. В ходе работы были использованы материалы фонда Центрального государственного музея РК, Национальной библиотеки РК, научный каталог «Редкие рукописи и издания в фондах Центрального государственного музея Республики Казахстан», научные издания по казахским этнографическим наименованиям. Использован метод исследования и сравнения.

Разделы рукописи сгруппированы и систематизированы.

Ключевые слова: Архам Какитайұлы Ыскаков, обычаи, традиции, обряды, духовное воспитание.

Для цитирования: Орынбекова Ж.А. Типы обычаев, традиций в жизни казахского народа (краткий экскурс на основе рукописи А. Ыскакова из фондов Центрального государственного музея РК) // MUSEUM.KZ. 2025. №3 (11), с. 43-50. DOI 10.59103/muzkz.2025.11.05

TYPES OF CUSTOMS AND TRADITIONS IN THE LIFE OF THE KAZAKH PEOPLE (A BRIEF OVERVIEW OF A. ISKAKOV'S MANUSCRIPT FROM THE FUND OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN)

A.Zh. Orynbekova

Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abstract. The article examines the manuscript by Arkham Iskakov (1885–1962) titled «Қазақтың өмірінде болған әдет, ғұрып, салт, сана», which is preserved in the collection of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan. Attention is drawn to the fact that Arkham Iskakov, who dedicated his entire life to collecting, preserving, and shaping his rich heritage, was not only a memoirist but also an ethnographic source describing the traditional Kazakh way of life.

The article analyzes his role as a researcher and guardian of Kazakh national values, customs, and ethno cultural identity. The contribution of the manuscript to the preservation of national culture and the transmission of the customs and traditions of our people, which are practiced in the traditional Kazakh environment, is discussed. Special emphasis is placed on his efforts aimed at the revival of national identity, customs, and cultural values. The manuscript contains descriptions related to the tradition and the author's comments related to it. The manuscript's role in preserving centuries-old heritage passed down from generation to generation through traditions, customs, forms of art, and lifestyle is explored.

The significance of this work lies in its potential use as supplementary material in assessing spiritual heritage and embedding it in the consciousness of future generations, particularly in the context of providing spiritual and moral education in educational institutions.

Materials and methods of research. The study utilized materials from the collection of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, the National Library of the Republic of Kazakhstan, the scientific catalog «*Rare manuscripts and editions from Central State Museum collections of the Republic of Kazakhstan*», encyclopedias, and academic publications on Kazakh ethnographic terminology. The research and comparative methods were applied.

The sections of the manuscript were grouped and systematized.


Keywords: Arkham Isakov, customs, traditions, rituals, spiritual education.

For citation: Zhanna Orynbekova. Types of customs and traditions in the life of the kazakh people (a brief overview of A. Isakov's manuscript from the fund of the Central state museum of the Republic of Kazakhstan) // MUSEUM.KZ. 2025. №3 (11), pp. 43-50. DOI 10.59103/muzkz.2025.11.05

Кіріспе. Мәдени жаһандану жағдайында өзінің өткенін білу және құрметтеу арқылы адамдар болашаққа сеніммен қарай алады. Қазақ халқының әдет-ғұрпы, дәстүрі төл мәдениетімен, тарихымен тығыз байланысты. Дала өмірінің сан ғасырлық үйлесімділігін, даналығын көрсететін қазақ мәдениеті салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа бай. Халқымыз өзінің салт-дәстүрін, ғұрпын ұрпақтан ұрпаққа жеткізе отырып, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді ата жолымен ұтымды шешіп отырған. Халқымыздың салт-дәстүрі жай ғана ырым емес, өткенімізді, бүгінді және болашақты байланыстыратын мұра. Бүгінгі таңда этнографиялық зерттеулер бұл мұраны сақтай отырып, ұлттық болмысымызды нығайтып, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде көмек болады. «Уықты басқұр ұстайды, халықты дәстүр ұстайды» деген ақиқат тұрғысынан қарағанда, қазақтың тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен тығыз байланысты әдет-ғұрпы ұлттық тұтастығымызды сақтауда зор маңызға ие.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің фотоқұжаттар қорында сақталған Әрхам Кәкітайұлы Ысқақовтың «Қазақтың өмірінде болған әдет, ғұрып, салт, сана» атты қолжазба еңбегі жаһандану жағдайындағы ұлттық бірегейлікті сақтауда, бай қазынамызды оқу, зерттеу кезінде құнды мағлұмат беретін дереккөздердің қатарына жатады.

Талқылау. Қазақ әдебиеттану ғылымында Абайтанудың арнаулы ғылыми сала ретінде дамуында елеулі рөл атқарған жандардың бірі – Абайдың мол мұрасынан нәр алып, тәрбиесін көрген Әрхам Ысқақов (Сурет 1).



Сурет 1. ФДФ 6485. Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов. 1947 ж. 9х12 см.
(ҚР Мемлекеттік орталық музейі қорынан)

Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов (1885-1962) – Шыңғыстау өңіріндегі Ақшоқы қыстауында Абайдың туған інісі Ысқақтың баласы Кәкітайдың отбасында дүниеге келген. Қазақтың салты бойынша атасы Ысқақтың бауырында өсіп, тәрбиеленген Әрхам ауыл аралары жақын, қатар қыстап, жайлап отырғандықтан Абайдың да алғашқы немересіндей болып өседі. «Мен көп жылдар Абайдың тәрбиесінде болдым. Сондағы көрген-білгенімді ақынның жақыны, ағайыны, достары, алыс, араз адамдарын да көріп, кезінде олардың да әңгімелерін тыңдап, жылдар бойы ішке түйіп келдім» – деп жазады естелігінде [Ысқақов, 2020: 172].

Әрхамның талабын байқаған Абай оны қайда барса да қасынан тастамай ертіп жүреді. Абай ауылындағы өнерпаздардың, ақындардың, жыршылардың, тоғызқұмалақ, дойбы ойыншыларының ортасында болғандықтан, ақынның өлеңдерін жаттап өсумен қатар, өзі де өлең шығарып, ән салады. Дойбы, тоғызқұмалақ ойындары бойынша өткен жарыстарда жүлделі орындарды иеленіп, 1952 жылы Орта Азия бойынша чемпион болады.

Ұлы бабасының мұрасын зерттеуде барын салып, орасан зор еңбек сіңірген, Семейдегі Абай музейінің негізін қалауға атсалысқан Әрхам Кәкітайұлының ақын шежіресі, ақын ұрпақтары туралы деректерді нақтылауда қосқан үлесі ерекше. Хакім Абайдың кейінгі өмірін, жүріс-тұрысын, жазған тағылымдарын көзімен көріп, құлағымен естіген Әрхам ақын жайында, оның өмір салты, қоршаған ортасы туралы құнды деректердің қайнар көзі болды. Ұзақ жылдар жинаған материалдар негізінде «Абайдың өмір жолы» атты құнды өмірбаяндық деректерді қамтитын жеке кітап жазды. Әрхамның өміріндегі тағы бір маңызды факт: оның орындауындағы Абай әндерінің 30-ға жуық нұсқасын Латиф Хамиди мен Борис Ерзакович нотаға түсірген.


Жастайынан өткен Абай мектебі Әрхам Кәкітайұлының дүниетанымын қалыптастырумен қатар, халықтық әдет-ғұрыпқа қызығушылығын арттыруға ықпал етті. «Міне, мен сол өмір шындығынан өзегіме түскен, сары майдай сақтап келген азды-көпті байлығымды ұрпағыма өткен дүниеден әкелген базарлық ретінде қалтқысыз қалдырып кеткім келеді» – деген ол өзінің жазбаларында тек Абай өмірін сипаттап қана қоймай, сонымен қатар қазақ қоғамының тұрмысын, дәстүрін, күнделікті өмірде, жиын-тойда қолданылатын салтын терең баяндаған [Ысқақов, 2020: 172а].

Ал, енді Әрхам Кәкітайұлының қазақ халқының жылдар бойы қалыптасқан рухани байлығы – әдет-ғұрпы, салт-дәстүрін жинақтап, болашаққа жеткізу жолында жазған «Қазақтың өмірінде болған әдет, ғұрып, салт, сана» деп аталатын еңбегі туралы әркім біле бермейді.


1947-1948 жылдары ҚазССР Мемлекеттік орталық музейі (қазіргі ҚР MOM) директоры болған Ә.Жиреншиннің жетекшілік етуімен «Социалистік мәдениеттің оңтайлы әсерінде дамып келе жатқан жаңа колхоздардың тұрмыс-тіршілігі» деген саяси ұранмен Қазақстанның бірқатар өлкелеріне қазақ тарихы мен этнографиясы байланысты бірнеше мәрте арнайы ғылыми экспедициялар ұйымдастырылды.

«Экспедиция құрамында Ә. Жиреншин, Ә. Марғұлан, Ә. Қастеев және фотосуретші-кинооператор болды (өкінішке орай, фотосуретші-кинооператордың аты-жөні туралы мәлімет табылмады). Аталмыш экспедициялардың ғылыми нәтижелері табысты болды: қазақ халқының тарихы, этнографиясы, әдебиетіне қатысты алуан түрлі жәдігерлерді – біршама ескі қолжазбалар мен кітап басылымдарды жинаған. Бұл музейдің қолжазба қорын байытуда ерекше үлес қосты» [Асанова, 2006: 273]. 1947 жылы Семей, Павлодар, Қарағанды және Қостанай облыстарынан ескі қолжазбалар мен басылымдар жиналды. Музейдің қорын байытуда үлес қосқан түрлі экспонаттармен бірге Әрхам Кәкітайұлы Ысқақовтың (1885-1962 жж.) 1947 жылы қазақ тілінде, араб және кирилл жазуымен жазған «Қазақтың өмірінде болған әдет, ғұрып, салт, сана» атты қолжазбасы (КП 5904) қорға қабылданды [Әлімбаев, 2011: 9].


ҚР Мемлекеттік орталық музейінің фотоқұжаттар қорында сақтаулы бұл қолжазба 1947 жылы араб және кирилл әріптерімен қазақ тілінде оқушы дәптеріне жазылған. Өлшемі: 16х20х1 см. Көлемі: 51 бет. Бұрын еш жерде жарияланбаған (Сурет 2, 3, 4).



Сурет 2. КП 5904. Ә.К.Ысқақов. «Қазақтың өмірінде болған әдет, ғұрып, салт, сана» атты қолжазбасы (ҚР Мемлекеттік орталық музейі қорынан)



Сурет 3. КП 5904 Қолжазбаның араб әріптерімен жазылған. (ҚР Мемлекеттік орталық музейі қорынан)



Сурет 4. КП 5904. Қолжазба кирилл әріптерімен жазылған. (ҚР Мемлекеттік орталық музейі қорынан)

Қолжазба 2011 жылы жарық көрген «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы бірегей қолжазбалар мен басылымдар» ғылыми каталогына енген.

Еңбекте дәстүрлі қазақ ортасында сақталып, тікелей қолданылып отырған этнографиялық категориялар, атаулар жайында қызықты және құнды мәліметтер кеңінен қамтылған. Негізгі бағыты – қазақтың әдет-ғұрып, моральдық-этикалық нормаларын жүйелеу және сипаттау.

Ежелден сақталған дәстүрдің көрінетін негізгі салаларының бірі – отбасылық өмір. Отбасы қоғамның негізі саналатындықтан, оған үлкен мән беріліп, маңызды рәсімдер жасалады. Ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытуға бағытталған еңбектегі «Ер балаға қыз айттыру, қарғы бау беру», «Құда түсіріп, киіт кигізу», «Қалың мал және «өлітірі» беру», «Жасырын күйеулеу», «Жыртыс салып, ілу алып, ұрын барып, қол ұстау», «Ақ киіз арттыру», «Отау көтеру, қыз ұзату ырымдары», «Келін түсіру, тойын жасау, үлестіру, келіннің бетін ашу», «Келіншек атанып, желек жамылу, кимешек-шаршы киіп қатын атану, енші алып, бөлек отау болу» деп аталған бөлімдерде ұлттық мәдениетті жақсы білетіндіктен салт түрлерін қарапайым тілде толық түсіндіреді. «Оның жыртыс деп аталуы келген күйеудің әкелген «кәде» ырымдарын көруге жиналған қыз жағының әйелдеріне сыбаға деп жыртып беретін тауар болғандықтан айтылуы керек», «Ол жыртысты бөлек бөлек орағанда арасына өрік-мейіз, құрт, бауырсақ сықылды тамақты қоса салады. Жыртысты көрген әйелдер көтеріп қалғанда арасынан жоғарғыдай тамақ шашылып, оны жас әйелдер, қыздар талапайлап, теріп алып жеп қуанысып қалады. Оның атын шашу деседі» - деген сияқты әр атауға толық анықтама беріп отырған. Құдаласқан екі тараптың бір-біріне беретін кәделерінің көлеміне де тоқталып өтеді. «Келген құда қонақ асысын жеп енді қайтуға айналғанда қалаған сұрағандарың бар ма деп сұрап, өз хал жайын айтып шама келсе» бір жақсының малын беріп қайтарады. «Жақсы» деген 37 байталға баталасса 3 түйе бір байталдың малы, егер батасы 47 байтал болса төрт түйе бір байталдың малы болады. Яғни баталасқан қалың малдың үштен бірі деген сөз. Осы берілген қалың малдан тысқары «өлі-тірі» деп, тай-тайынша, ең болмағанда, қой-қозыдай тірі мал береді. Оны қыз жағының бір жақын адамы алып, қызды үйіне шақырып, молдаға құран оқытып, дәм татқызады» [Ысқақов, 1947: 28].

«Күйеу мен қыз ер жетіп қалған болса, қалың мал мен «өлі-тірі» берілген соң «өлі күйеу жатар ма» деп, күйеу жігіт болатын жылпос жігіттер ойын қызық көру үшін қайныға барайық, қалыңдығыңды көрейік деп, күйеуге жел беріп, балаң қайнына жасырын барғысы келіп жүр деп шешесін қоздырып, оларды көндіріп алған соң қыздың жеңгесіне барып күйеулерің жасырын келемін дейді... деп уәде байласады» деп отау құрудағы жөн-жосықтың ретін нақтылап таратып береді [Ысқақов, 1947: 29].

Жастар арасында өтетін ырымдар «ұрыс-жанжал болмай, ойын-сауық, қызық ретінде жүргізілетінін» баса көрсетеді [Ысқақов, 1947: 9].

Өмірлік цикл рәсімдері – туылу, үйлену, жерлеу рәсімдері этнографиялық объектілер ғана емес, ұлттың адамгершілік бағдарын қалыптастыратын белсенді элементтер ретінде маңызды. Осы ретте, «Жарыс жазан», «Кіндік кесу, шүйінші сұрау», «Қалжа беру», «Шылдақана күзету және ойыны», «Балаға ат қосу (ат қою), көрімдік алу», «Баланы бесікке салу, бөлеу», «Баланың қырқынан шығуы», «Тұсау кесу», «Сүндетке отырғызу және той жасау», «Баланы ашамайға мінгізу», «Ауыл молдасына баланы оқуға беру» деп тақырыптарға бөлінген сипаттамалардың берері мол. Отбасына жаңа мүше келуіне байланысты салт бойынша орындалатын дәстүрлерді жүйелі түрде түсіндіреді.

Жас босанған анаға қалжа беру жайында қолжазбада егжей-тегжейлі баяндап көрсетеді: «Екі қабат әйелдің айы толуға таянғанда қалжаға соятын қойды тауып қою міндетті түрде болады. Туған баланы орап алысымен әйелді тазартып төсек салып жатқызады да, қалжа қойын сойып, оның төсін терісін баланың кіндігін кескен шешесіне береді. Қойдың басын, жамбасын, мойнын салып қазан асады. Ет бір қайнап көбігі бетіне шыққанда аз араластырып сорпадан бір аяқ құйып алады да, үстіне салқын су құйып аз тұз салып жылытып баланы шомылдырады. Ет піскен соң ауылдың ақсақалын үлкен бәйбішелерін шақырып басын ақсақалға, жамбасын бәйбішелерге беріп батасын алады.

Мойынның етін кесіп алып, сүйегін бөлектеп опырмай тұтас алады да әуелі жиылған әйелдің ішіндегі балалы бахытты болған кексе бәйбішеге тістетіп, одан кейін босанып әйелге тістетіп, сол ретпен барлығына шетінен бір бір тістетіп шығып, мойынның сүйегін керегенің басына іліп қояды» [Ысқақов, 1947: 5].

Ал, баланың кіндік шешесі туралы «кіндік кескен әйел баланың екінші шешесі есебінде саналады. «Жеті ай көтергенге тартпай, жерден көтеріп алғанға тартады» - деген мақал бар. Жас баланың жылауығын басқадай мінездерін, өзі кіндік шешесіне тартқан ғой десетін әйелдерде салт болады» деп «Кіндік кесу, шүйінші сұрау» бөлімінде түсіндіріп кетеді [Ысқақов, 1947: 4].

Қазақта өлімді шама-шарқынша қастерлеп ұзатқан. Ә. Ысқақов жерлеу әдет-ғұрпын барынша жүйелі түрде талдайды. «Өлген адамды жаназалау, пидия жүргізу, көр садақа беру, сүйекке түскенге киім беру, жыртас жырту, сый беру», «Өлгенге жылау, ат қою, шашын жайып, бет жырту, жоқтау», «Жетісін, қыркын беру, қатым шығару, дауыс айту, қаралы көшті алып жүру, ат тұлдап, найза тігу, бата оқу, аза салу», «Бейіт салу, найзасын сындырып, тұлдаған атты сойып, жылын беру, асты беріп, ат шаптыру» ғұрыптарының орындалуын түсіндіріп, кездесетін атауларға қысқаша түсінік беріп отырады.

Қазақтар үшін, мұра, салт-дәстүр, әдет-ғұрып бір-бірімен тығыз байланысты. Ежелден бабаларымыз дүние үшін талас-тартыс, дау-дамайлы әмеңгерлік, мұра бөлуді қалыптасқан жүйе бойынша реттеп, бекітіп қойған. Отбасы құндылықтарын сақтауда маңызды рөл атқаратын, уақыт сынынан өткен дәстүрлі мәдениеттің негізгі институттарының бірі құқық саласы бойынша Әрхам Кәкітайұлы «Жер бөлу, мұра бөлу ережелері», «Көп қатын алу, әмеңгерлік жолы, жесірім деп иемденушілік», «Әмеңгерлік, мұра үлесу тәртібі» деп жеке-жеке тоқталып кетеді.

Мысалы, әмеңгерлік жайында «Бұл тәртіпке елуден жасы асқан, ұлдары ержеткен әйел кірмейді, жалғыз-ақ ондай әйелдің жақын әмеңгерінің әйелі өліп қалып бойдақ жүрсе өз ықтиярымен үйіне кіргізіп алуына болады» деп кейбір ерекшеліктерді атайды [Ысқақов, 1947:45].

Сондай-ақ, ХХІ бөлімде отбасындағы кенже баланың, қыз баланың үлесі жайында түсініктемелермен толықтырылған.

«Абайдың інісі Әрхам – ақынжанды, нелер құнды тарихи әңгімелер айтады. Ол әңгімеші ғана емес, өзі де білікті зерттеуші» – деп М.Әуезов анықтап көрсеткендей Ә.Ысқақов адамгершілік бағдарды қалыптастыратын элементтерді «Үлкенді сыйлау, сәлем беру, қонақасы беру, олжа салу», «Жылу беру, қызыл көтеру», «Ел қорғау, жауға аттану» бөлімдерінде, сонымен қатар бітім жолына байланысты «Кісі өлтірген адамнан құн алу, оның биліктері» бөлімінде егжей-тегжейлі баяндап өткен. [Әуезов, 1981:89]

Қорытынды. Мақалада музей қорында сақтаулы қолжазбадағы ежелден сақталып келе жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрге берілген сипаттамаларға қысқаша шолу жүргізілді. Әрхам Кәкітайұлының қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін зерттеу нәтижелері оның шығармашылық мұрасында маңызды орын ала отырып, бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпайды.

Халқымыздың ертеден келе жатқан дәстүрі, өмір салты оның дүниетанымы мен тарихын түсінудің кілті бола отырып, мәдени байлықты сақтаудың негізі болып табылады. Қазіргі заманғы жаһандық өзгерістерге қарамастан сақталып отырған әдет-ғұрымымыз халықтың ерекше бірегейлігін сақтаумен қатар, ұрпақты өз тарихымен, отанымен және бір-бірімен қарым-қатынасының маңыздылығын дәлелдей отырып біріктіреді. Қазақы ортада тікелей қолданыста болған жосын-жоралғылар туралы дәуір куәгерінің анықтамалары тереңірек зерттелсе, болашақ ұрпаққа тапсырылатын рухани қазынаға үлес қосатыны анық.

ӘДЕБИЕТ

Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, Т. 8. Очерктер және кино-әңгіме. 1981. 456 б. ҚазССР Ғылым академиясы, М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты.

Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: «Атамұра», 2010. 384 б.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы бірегей қолжазбалар мен басылымдар./ Ғылыми каталог. Иллюстрацияланған, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде. Алматы: «Өнер», 2011. 328 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі / Энциклопедия. Алматы. 2018. Т.1-5 (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде).

Құнанбаев А. 10 томдық жинағы. Алматы: RS; Қ76 Халықаралық Абай клубы. 2020. Т.9. Абай туралы сөз: мақалалар, естеліктер. 2020. 360 б.

Ысқақов Ә. Қазақтың өмірінде болған әдет, ғұрып, салт, сана. Қолжазба. 1947 ж. 51 б.

Әлімбаев Н. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы бірегей қолжазбалар мен басылымдар./ Ғылыми каталог. Иллюстрацияланған, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде. Алматы: «Өнер», 2011. 328 б.

Асанова С.А. Центральный государственный музей в 40-50-е годы XX века (деятельность А.Жиренчина)//КазНУ им.Аль-Фараби. Материалы республиканской научно-практической конференции «Проблемы изучения и сохранения историко-культурного наследия» 2005 г. Алматы, 2006. 273 с.

REFERENCES

Auezov M. collection of works in twenty volumes. Almaty: writer, Vol. 8 essays and film-story. 1981. 456 p. Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Institute of literature and art named after M. Auezov. (in Kazakh)

Kenzheakhmetuly S. traditions and customs of the Kazakh people. Almaty: «Atamura», 2010. 384 p. (in Kazakh)

Unique manuscripts and publications in the funds of the State Central Museum of the Republic of Kazakhstan./ Scientific catalog. Illustrated, in Kazakh, Russian and English. Almaty: «Art», 2011. 328 p. (in Kazakh, Russian and English)

Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names / Encyclopedia. Almaty. 2018. Vol. 1-5 (in Kazakh, Russian and English)

Kunanbayev A. collection in 10 volumes. Almaty: RS; International Abay club. 2020.

Vol. 9. the word about Abay: articles, memoirs. 2020. 360 p. (in Kazakh)

Iskakov A. customs, traditions, customs, consciousness that existed in the life of Kazakhs. The manuscript. 1947. 51 p. (in Kazakh)

Alimbay N. unique manuscripts and publications in the fund of the State Central Museum of the Republic of Kazakhstan./ Scientific catalog. Illustrated, in Kazakh, Russian and English. Almaty: «Art», 2011. 328 p. (in Kazakh, Russian and English)

Asanova S. The Central State Museum in the 40-50s of the twentieth century (A. Zhirenchin's activity)//KazNU named after Al-Farabi. Materials of the Republican scientific and practical conference «Problems of studying and preserving historical and cultural heritage» 2005, Almaty, 2006, 273 p. (In Russian)

Автор туралы мәлімет: Орынбекова Жанна Аманғазықызы – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі кіші ғылыми қызметкері (050051, Алматы қ-сы, Самал-1/44, Қазақстан), E-mail: jorynbekova@mail.ru.

Сведения об авторе: Орынбекова Жанна Амангазиновна – младший научный сотрудник Центрального государственного музея РК (050051, г.Алматы, Самал-1/44, Казахстан), E-mail: jorynbekova@mail.ru.

Information about the author: Zhanna A. Orynbekova – junior researcher of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (050051, Almaty, Samal-1/44, Kazakhstan), E-mail: jorynbekova@mail.ru.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 22.08.2025.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 29.08.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 11.09.2025.

ӘОЖ 069.5

ҚАЗАҚТЫҢ АТ МӘДЕНИЕТІНІҢ АЙШЫҚТЫ БІР БӨЛШЕГІ: ЖҮГЕНДЕР (Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі экспонаттары негізінде)

Қ.А. Талжанов

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі (Қазақстан)

Андатпа. Бұл ғылыми мақалада Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған жүгендердің этнографиялық, тарихи және көркемдік сипаттары сарапқа салынады. Жүген – қазақ халқының дәстүрлі ат мәдениетінің маңызды бөлшектерінің бірі ретінде қарастырылып, оның тұрмыстық және салт-дәстүрлік мәні ашылады. Мақалада жүгендердің жасалу технологиясы, қолданылған материалдары, көркемдік элементтері мен функционалдық ерекшеліктері кеңінен сипатталады. Сонымен қатар, әртүрлі тарихи кезеңдерге жататын экспонаттар арқылы көшпелі қазақ қоғамындағы ат әбзелдерінің алатын орны мен олардың дамуы зерттеледі. Қолөнер шеберлерінің туындылары мен эстетикалық танымы, олардың ұлттық мәдениеттегі рөлі ғылыми негізде талданады. Жүгендердің құрылымына, әшекейлену тәсілдеріне, сондай-ақ өңірлік ерекшеліктеріне назар аударылады. Мақаланың мақсаты - Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған жүгендердің қазақ халқының тарихы, өмір салты мен дүниетанымындағы маңызды бөлшегі ретіндегі тарихи маңыздылығын ашу. Бұл зерттеу Қазақстандағы ұлттық мәдени мұраны сақтау, оны болашақ ұрпаққа жеткізу және музей қорындағы құнды жәдігерлерді ғылыми айналымға енгізу жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақалада музей экспонаттарын визуалды зерттеу, архивтік деректерді талдау, салыстырмалы-талдамалық және жүйелеу әдістері қолданылды. Зерттеу тарихи, этнографиялық және көркемдік сипатқа негізделген.

Тірек сөздер: жүген, ат-әбзелдері, этнография, көшпелі мәдениет, музей экспонаттары, қазақ қолөнері, тарихи мұра, дәстүрлі өнер.

Сілтеме жасау үшін: Талжанов Қ.А. Қазақтың ат мәдениетінің айшықты бір бөлшегі: Жүгендер (Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі экспонаттары негізінде) // MUSEUM.KZ. 2025. №3 (11), 51-60 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.11.06

ЗНАЧИМЫЙ ЭЛЕМЕНТ КОНСКОЙ КУЛЬТУРЫ КАЗАХОВ: УЗДЕЧКИ (на примере экспонатов Актюбинского областного историко-краеведческого музея)

К.А. Талжанов

Актюбинский областной историко-краеведческий музей (Казахстан)

Аннотация. В данной научной статье рассматриваются этнографические, исторические и художественные особенности уздечек, хранящихся в фонде Актюбинского областного историко-краеведческого музея. Уздечка рассматривается как важный элемент традиционной конной культуры казахского народа, раскрывается ее бытовое и обрядовое значение. Подробно описаны технологии изготовления, использованные материалы, декоративные элементы и функциональные особенности. Через призму музейных экспонатов, относящихся к разным историческим эпохам, исследуется развитие кочевой культуры и место конской сбруи в традиционном обществе. Также анализируются изделия народных мастеров, их эстетическое восприятие и вклад в национальное культурное наследие. Особое внимание уделено конструкции уздечек, способам украшения и региональным отличиям. Цель статьи – раскрыть историческое значение уздечки, сохранившихся в коллекции Актюбинского областного историко-краеведческого музея, как важной части истории, быта и мировоззрения казахского народа. Данное исследование является важным шагом на пути сохранения культурного наследия Казахстана, его

популяризации и научного осмысления уникальных музейных экспонатов для будущих поколений.

Материалы и методы исследования. В статье использовались методы визуального изучения музейных экспонатов, анализ архивных данных, сравнительно-аналитический и систематизационный подходы. Исследование основано на историко-этнографическом и художественном анализе.

Ключевые слова: уздечка, конская упряжь, этнография, кочевая культура, музейные экспонаты, казахское ремесло, историческое наследие, традиционное искусство.

Для цитирования: Талжанов К.А. Значимый элемент конской культуры казахов: Уздечки (на примере экспонатов Актюбинского областного историко-краеведческого музея) // MUSEUM.KZ. 2025. №3 (11), с. 51-60. DOI 10.59103/muzkz.2025.11.06

A DISTINCT ELEMENT OF KAZAKH HORSE CULTURE: BRIDLES (Using Exhibits from the Aktope Regional Museum of History and Local Lore)

K.A. Talzhanov

Aktope Regional Museum of History and Local Lore (Kazakhstan)

Abstract. This scientific article explores the ethnographic, historical, and artistic features of bridles preserved in the collection of the Aktope Regional Museum of History and Local Lore. The bridle is examined as a significant component of traditional Kazakh equestrian culture, revealing its practical and ceremonial functions. The study provides detailed descriptions of the materials used, manufacturing techniques, artistic decorations, and functional characteristics. By analyzing museum exhibits from different historical periods, the research highlights the evolution of nomadic culture and the cultural significance of horse tack in Kazakh society. Special attention is given to the structure of the bridles, their decorative elements, and regional variations. The craftsmanship and aesthetic approach of traditional artisans are also considered, reflecting their role in preserving and enriching national heritage. The purpose of this article is to reveal the historical significance of the bridle, preserved in the collection of the Aktope Regional Museum of History and Local Lore, as an important part of the history, life and worldview of the Kazakh people. This research represents a valuable contribution to the preservation and promotion of Kazakhstan's cultural legacy, while also integrating important museum artifacts into scholarly discourse and making them accessible to future generations.

Materials and methods of research. The study applied visual examination of museum exhibits, archival data analysis, comparative-analytical, and systematization methods. The research is based on historical, ethnographic, and artistic characteristics.

Keywords: bridle, horse harness, ethnography, nomadic culture, museum exhibits, Kazakh craftsmanship, historical heritage, traditional art.

For citation: Talzhanov K.A. A distinct element of kazakh horse culture: Bridles (Using Exhibits from the Aktope Regional Museum of History and Local Lore) // MUSEUM.KZ. 2025. №3 (11), pp. 51-60. DOI 10.59103/muzkz.2025.11.06

Кіріспе. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қазақтың бай тарихын, мәдениетін және ғылымын көрсететін құнды экспонаттарды сақтап келеді. Музей залдарына қойылған және музей қорында сақталған экспонаттар өз дәуірінің үнсіз куәсі, ол табиғаттың ажырамас сырлары, адамдардың өмірі, армандары, олардың салт-дәстүрі және аянбай тер төккен еңбегі туралы маңызды мағлұмат береді.

Музейдегі бір экспонаттың өзі сан ғасырлық кезеңдерден бері сырлары толық ашылмаған тарих. Бір қарағанда қарапайым болып көрінетін, бірақ сан ғасырлық мәдени мұралардың барлығы өзінше бір құпияны ішіне сақтап, көптеген сұрақтар тудырады. Музей экспонаттары, оларды зерттеу мен ашу барысында, біздің түсінігімізді тереңдетіп, өткеннің шым-шытырық тарихына жаңа қырлардан көз тастауға мүмкіндік береді. Бірақ кейде,

мүмкін, осы тарихтың толығымен ашылуы біздің мүмкіндіктерімізге жетпейтін құпиялардан тұрады.

Музейдегі экспонаттар - ол тек өткен заманның емес, бізді қызықтыратын болашақтың да белгісі. Бұл экспонаттардың сырлары ғасырлар өткен сайын ашылуы мүмкін, бірақ олар бізге өткеннің қыр-сыры мен құпияларын толық жеткізе алмайтын бірегей өнер туындылары болып қала береді.

Нәтижелер мен талқылау. Қазақ халқының көшпелі мәдениеті мен салт-дәстүрлері ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Көшпелі өмір салтының ерекшеліктері мен дәстүрлерін қазіргі күнде музей қорларында сақталған экспонаттар арқылы да зерттеуге болады. Осындай экспонаттардың бірі - жүгендер. Қазақтың дәстүрлі көшпелі мәдениетінде ат жалын тартып мініп, жылқы малының ерекше орны болғаны белгілі. Жүгендер - осы мәдениеттің айшықты әрі маңызды бөлігі.

Қазақ халқының өмірінде аттың маңызы өте зор. Көшпелі халықтар, әсіресе қазақтар атқа өте құрметпен қарап, оларды жақсы баптап, күтіп-бағуға үлкен мән берген. Қазақтың ат мәдениеті - қазақ халқының тарихы, өмір салты мен дүниетанымының маңызды бөлшегі. Ат адамның ажырамас серігі болған, өмірдің барлық саласында қолданылған. Ұлттық мәдениетте ат, тек көлік ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдениеттің, салт-дәстүрлердің, өнер мен шеберліктің символына айналған. Ал ат-әбзелдері, оның ішінде жүгендер, қазақтың күнделікті өміріндегі маңызды құралдардың бірі болды. Әсіресе, жүгендер түрлі функционалдық және көркемдік мақсаттарда жасалған. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақталған жүгендер осы мәдениеттің жарқын мысалы болып табылады.

Жүген - аттың басына тағылып, қозғалысын бақылап, басқаруға мүмкіндік беретін, бау-белдікпен, құрсаумен жабдықталатын негізгі әбзелдердің бірі. Жүгенді аттың басына кигізуді – жүгендеу деп атайды [Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017: 602].

Жүген әбзелінің тек атқа мінуге емес, сонымен қатар оның мінез-құлқын бақылауға арналған маңызды қасиеті бар. Қазақ халқының көшпелі тұрмысында ат міну өмірдің ажырамас бөлшегіне айналғандықтан, жүгендер де түрлі тұрмыс пен дәстүрге сай, бірнеше түрге бөлінген.

Қазақта аттың барлық әбзелдері, соның ішінде жүгендер, өте күрделі әрі әдемі болған. Әрбір жүген түрлі жағдайға байланысты қолданылған. Мысалы, көшпенділердің өмірінде ұзақ сапарларға шыққанда, аттың ыңғайлы басқарылуы үшін арнайы жүгендер дайындалды. Ал, мерекелер мен салт-жораларда сәнді жүгендер қолданылған. Бұл жүгендер көбінесе күміс, алтын, металл бөлшектермен әшекейленіп, оның иесі туралы көп мәлімет беретін болған. Сонымен қатар жүгеннің әшекейлері мен ою-өрнектері қазақ халқының, ұлттық өнерін және қолөнер шеберлігін көрсетеді.

Жүгендердің әшекейі, зергерлік безендірулері, құйма темірлер мен ою-өрнектер қазақтың көшпелі мәдениетінің терең тамырына байланысты болып келеді. Қолөнер шеберлері аттың басына тағатын бұл жабдықты тек күнделікті тұрмыстық қажеттілік үшін емес, сондай-ақ эстетикалық тұрғыда да жоғары бағалаған.

Жүгендердің жасалу технологиясы мен безендірілуі белгілі бір кезеңнің, аймақтың және дәстүрдің көрінісі. Олар тек аттың басын ұстап тұрудан ғана емес, әртүрлі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың жүзеге асырылуының бір көрінісі болып табылады. Мәселен, кейбір жүгендерде белгілі бір ру немесе тайпаға тән ою-өрнектер немесе басқа да айрықша белгілер болады.

Қазақтың жүгендері негізінен тері, ағаш, темір, жіп және басқа да табиғи материалдардан жасалады. Кәсіби қолөнершілердің қолынан шыққан әрбір жүгеннің өзіндік ерекшелігі бар. Өндірісінде қолданылатын материалдар тек күнделікті қолданысқа ғана емес, көркемдік мәнге де ие болды. Әрбір бөлшек - қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінің белгісі.

Музейдің қорында сақталған жүгендер қазақтың ат мәдениетінің маңызды бөлшегін құрайды. Мысалы, жүгендердің қалай жасалғандығы, қолданылуы және қандай материалдар

қолданылғаны туралы ақпараттар музей келушілері үшін де өте қызықты. Музей қорында сақталған осындай ат-әбзелдері оқу орындарында оқушыларға және музей залдарында келушілерге музей сабақтарында таңыстырылып көрсетіледі.

